Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 13 сәуірдегі № 92 "Түркістан облысының жергілікті атқарушы органының мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруының шарттарын, көлемін және нысаналы мақсатын айқындау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 253 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 желтоқсанда № 5952 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабының 2-тармағына, Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі Ведомствоаралық комиссия отырысының 2020 жылғы 16 қарашадағы № Б-667 хаттамасына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 13 сәуірдегі № 92 "Түркістан облысының жергілікті атқарушы органының мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруының шарттарын, көлемін және нысаналы мақсатын айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5563 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 20 сәуірде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың:

2) тармақшасындағы:

"62 440 000 000" (алпыс екі миллиард төрт жүз қырық миллион) теңге деген сандар "64 270 480 000" (алпыс төрт миллиард екі жүз жетпіс миллион төрт жүз сексен мың) теңге деген сандармен ауыстырылсын.

2. "Түркістан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.С.Сабитовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі *Ө. Шөкеев*

А.Ш. Жетпісбай

Ә.Е. Тұрғымбеков

С.А. Қалқаманов
М.И. Мырзалиев
А.С. Сабитов
Ұ.Қ. Тәжібаев
А.А. Абдуллаев
А.Б.Тасыбаев

"Түркістан облысының жергілікті атқарушы органының мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруының шарттарын, көлемін және нысаналы мақсатын айқындау туралы" Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 13 сәуірдегі № 92 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы "___"_____№_____ қаулысына

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК